Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№10 (1761)
9 маусым
2020 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

## ИТОГИ АНТИКОРРУПЦИОННОГО МОНИТОРИНГА

**Центром социологических исследований и социального инжиниринга КазНУ были проведены опросы по выявлению общественного мнения об эффективности реализации проекта «Университет вне коррупции», актуальным вопросам дистанционного обучения, а также оценке социального настроения студентов и преподавателей в условиях пандемии.**

Мониторинг и оценка эффективности антикоррупционной политики на основе выборочного и массового анкетирования студентов и преподавателей КазНУ

- «Преподаватель глазами студентов»
- «Преподаватель глазами коллег»
- «Куратор глазами студентов»
- «Оценка удовлетворенности студентов»
- «Выпускник, поддержи «Alma Mater»
- «Чистая сессия»

online

Результаты опросов доступны к просмотру в системе «Универ»



Всего опросами было охвачено более 15 тысяч студентов и преподавателей университета. Методология социологического мониторинга включает целую серию опросов на основе массового и выборочного анкетирования, таких как: «Преподаватель глазами студентов», «Преподаватель глазами коллег», «Оценка удовлетворенности студентов», «Университет глазами выпускников», «Индекс восприятия коррупции». Вкупе они составляют единую систему оценки состояния и эффективности антикоррупционной политики в вузе. В ее основу легли практические разработки Центра социологических исследований и социального инжиниринга КазНУ им. аль-Фараби, которые были наработаны в течение семи лет в рамках проекта «Университет вне коррупции». Реализация данного проекта способствовала внедрению целого комплекса антикоррупционных технологий во всех сферах деятельности университета и регулярной оценки их эффективности.

Апробированная система антикоррупционного мониторинга позволяет определить индекс восприятия коррупции с позиции студентов и преподавателей. Он включает оценку таких важных параметров, как соответствие преподавателей нормам кодекса корпоративной культуры и приверженности профессиональным ценностям, степень прозрачности образовательно-воспитательного процесса, объективность оценок учебных достижений и академической честности, уровень удовлетворенности качеством предоставляемых услуг и распространения недобросовестных практик в вузовской среде.

В 2020 году индекс восприятия коррупции по университету составил 9,11 из 10 баллов (по шкале, где ноль обозначает уровень коррупции высокий, 10 – низкий). В целом опросы фиксируют устойчивую положительную динамику в индексе – разрыв за пять лет составил 12,3% в увеличении доли студентов, которые никогда не сталкивались с недобросовестными практиками. По данным исследования, таких студентов - 95,7%, 73% осуждают любое их проявление. По результатам опроса, студенты высоко оценивают деятельность более 85% преподавателей. Также вниманию членов ректората был представлен список преподавателей по всем факультетам, чья деятельность была оценена студентами и коллегами ниже среднего уровня. Оценка удовлетворенности обучением по факультетам варьирует от максимального значения 4,56 до 3,88. Опросом было выявлено отношение студентов к практикам нечестного академического поведения. Так, в исследовании более половины опрошенных отмечают недопустимость использования шпаргалок во время обучения.

**Продолжение на 2 стр.**

## ПОРА ПОДВЕДЕНИЯ ИТОГОВ

**На очередном заседании ректората КазНУ им. аль-Фараби, которое прошло в онлайн-формате, обсуждались вопросы проведения аттестации в режиме дистанционного обучения и итоги национального рейтинга образовательных программ. Ведущий вуз страны достойно завершает учебный год, демонстрируя способность к мобилизации всех ресурсов в сложный для страны период.**

Учебный год подходит к концу. Студенты завершают дистанционное обучение, преподаватели подводят итоги этого непростого года, который стал испытанием не только для огромного, многотысячного коллектива вуза, но и для всей страны.

Заседание ректората стартовало с озвучивания благодарственного письма, которое пришло на имя ректора КазНУ им. аль-Фараби Галыма Мутанова от руководства Городской клинической больницы №7. В нем коллектив больницы благодарит университет за действенную помощь и поддержку медицинских работников в тяжелый период пандемии и карантина.

Далее проректор по учебной работе Аскар Хикметов доложил о том, как будет проводится итоговая аттестация студентов в режиме дистанционного обучения. Студентам КазНУ была предоставлена возможность выбора формата аттестации.

**Продолжение на 2 стр.**

**Іле-Алатауы ұлттық паркінде орналасқан Аюсай тау шатқалында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттің қолдауымен Алматы қаласының экологиялық қоғамдастық өкілдері Сиверс алма ағашының 100 көшетін отырғызды. Оны ғалымдар жер бетіндегі барлық алма ағашының ата тегі деп атайды.**

## ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Көшеттерді отырғызу акциясы Ұлттық парктерді қолдау қоғамдық қорының жетекшісі Сергей Спицынның бастамасымен ұйымдастырылды. Ол бұған дейін Іле-Алатау ұлттық паркінің түрлі шатқалдарында бірқатар жаяу жүргіншілер жолы, жаяу жүргіншілер көпірі және туристік инфрақұрылым нысандарын мемлекеттің қаражатынсыз орнатқан болатын.

Акцияға экологиялық қоғамдастықтың өкілдері қатысты. Олардың ішінде «Табиғат» Қазақстан қауымдастықтары мен кәсіпорындарының экологиялық одағының басшысы Мэлс Елеусізов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, «Қазэкология» республикалық ғылыми-өндірістік және ақпараттық орталығының жетекшісі Амангелді Ысқақов секілді беделді экологтар, сонымен қатар табиғатқа бей-жай қарамайтын басқа да ел азаматтары бар.

**Жалғасы 2-бетте**

ПОРА ПОДВЕДЕНИЯ ИТОГОВ 2-стр.



ОНЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ «БҰУ МОДЕЛІ» 3-бет



КУЗНИЦЕ СПОРТИВНЫХ КАДРОВ – 15 ЛЕТ 8-стр.



# ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ





Жалғасы. Басы 1-бетте

Сиверс алма ағашы Іле Алатауында, Қазақстанның оңтүстігінде және шығысында бірнеше мың жылдан бері өседі, Қызыл кітапқа енген. Экологтардың пікірінше, оны сирек кездесетін түр ретінде, еліміздің символы ретінде сақтау, одан әрі жандандыру және қорғау үшін көп жұмыс атқару қажет.

–Бүгінде көпшілігіміз ұлттық паркке баруды кәуап жеп, қыздыратын сусын ішетін жер деп түсінетінімізді мойындауымыз қажет. Мұндай демалыстан кейін үнемі тау боп үйілген қоқыс пен кесілген томар ғана қалатынына бәріміз куәміз. Ал ұлттық паркке барудың шетелдік тәжірибесі мүлде басқа. Бұл дегеніміз ең әуелі жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігі туралы танып-білу, сондай-ақ жауапты экологиялық туризм»,–деді Мэлс Елеусізов.

Осы ретте, акция барысында атап өтілгендей, жақын уақытта Іле-Алатауы ұлттық паркіне келушілермен тәрбие жұмысы жаңаша ұйымдастырылмақ. Жақында Аюсай шатқалында заманауи және экологиялық таза сапарлау орталығы пайда болып, онда келушілерге ұлттық саябақта қандай өсімдік өсетіні, қандай жануарлар мекендейтіні туралы ақпарат беру жұмысы басталады. Балаларға арналған қызықты сабақтар мен ересектерге экскурсиялар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, бұрыннан бар жақсы дәстүрлерді қайта жаңарту, соның ішінде айналма серуендеу жолын жасау жоспарлануда. Бұл жерде келушілерге маршруттың ұзындығы мен күрделілігі, навигациясы, демалу және көру алаңдары туралы барлық қажетті ақпарат ұсынылады. Сонымен қатар, барлық жол тегін болады. Сапарлау орталығына бару үшін қосымша ақы алынбайды.

–Біздің акциямыздың идеясы – жақын уақытта Ұлттық саябақтың сапарлау орталығының жанынан шатқалда Сиверс алма ағашы бағын өсіру. Келушілер осы жерде демалып, саябақ флорасымен таныса алар еді. Ал мектеп оқушыларына экологиялық білім беру сабағын өткізуге болады,– дейді Сергей Спицын.

Іле-Алатауы ұлттық паркінің питомнигінде отырғызу үшін көшеттер сатып алынды. Мұндағы ой – сирек кездесетін эндемикалық өсімдіктерді өсіру және қалпына келтіру.

**gov.kz**

# ИТОГИ АНТИКОРРУПЦИОННОГО МОНИТОРИНГА

**Продолжение. Начало на 1 стр.**

В то же время 34,8% проявляют лояльность к данному явлению, что свидетельствует о необходимости усиления дальнейшей работы по культивированию в студенческой среде норм и принципов академической честности.

В условиях пандемии ценности здоровья для студентов стали важнее, чем обычно – этот показатель отмечен более чем у 60%, более 50% студентов испытывают в этот период различные жизненные трудности от психологических до материальных. В то же время, каждый третий испытывает трудности с доступом к бесперебойному интернету, каждый четвертый указал на недостаточное компьютерное оснащение в домашних условиях и, в связи с этим, сложности в освоении нового материала. Тем не менее, свыше 75% студентов положительно оценили опыт и новые возможности, полученные в период дистанционного обучения.

Традиционно по результатам исследований был представлен антикоррупционный рейтинг подразделений. Данный рейтинг является важной составляющей ежегодной комплексной рейтинговой оценки деятельности преподавателей, кафедр, факультетов, внедренной в рамках управления, ориентированного на результат. На ее основе ежегодно осуществляется конкурс на замещение должностей деканов факультетов, заведующих кафедрами и всего профессорско-преподавательского состава. В настоящее время КазНУ им. аль-Фараби одним из первых вузов в стране приступил к процедуре сертификации системы менеджмента противодействия коррупции университета на соответствие стандарту ISO 37001:2016.

**Соб. корр.**

РЕКТОРАТ

# ПОРА ПОДВЕДЕНИЯ ИТОГОВ




Большинство учащихся предпочли суммарное оценивание по итогам обучения за учебный год, но многие отказались, выбрав защиту проектов и диссертаций. Очевидно, что такой формат требует большей концентрации, подготовки и энергозатрат, но это не остановило тех, кто решил подтвердить высокий уровень знаний.

«Это прекрасный показатель сознательности студентов, - одобрил это решение ректор КазНУ им. аль-Фараби Г.Мутанов. – Говорит о стремлении к знаниям, уровне мотивации и желания заслужить, заработать реальную оценку, а не получить ее автоматически. Я считаю, что таких студентов нужно поддерживать». Защита дипломных работ будет проходить в онлайн-формате, при помощи платформ Zoom, Meet и Microsoft Teem, для этого задействованы все технические ресурсы, видеозаписи защит будут хранится в течение года.

Презентация директора Центра по стратегическому развитию Гульшарат Минажевой была посвящена итогам Национального рейтинга образовательных программ вузов РК. По словам спикера, в этом году наблюдается положительная динамика – увеличилось количество программ, занявших первые места (52 программы).

Оптимизм в участников вселило выступление начальника управления человеческими ресурсами и архивом Айнур Мадияровой, в котором она рассказала о том, что сотрудникам университета, принявшим участие в программе «Нурлы жер», было выделено 39 квартир из 144 (по г. Алматы) в новом жилом комплексе «Алатау Сити». Эту радостную новость участники заседания встретили аплодисментами, а ректор КазНУ им.аль-Фараби поздравил новоселов, пожелав им счастья в собственных квартирах.

**Соб. корр.**

KAZNU.KZ

**Uly ǵulamanyń 1150 jyldyǵyna oraı «ál-Farabı fılosofıasyna arnalǵan Mádenıet, til jáne ádebıet konteksti» atty halyqaralyq ǵylymı-ádistemelik onlaın semınar ótti. XXIII «Ahanov oqýlary» aıasynda ótken sharany jalpy til bilimi jáne eýropalyq tilder kafedrasy uıymdastyrdy. Semınarǵa Almaty, Taraz, London jáne Stambýl qalalarynan arnaıy mamandar qatysty.**

Jıynǵa qatysýshylar uly ǵulamanyń eńbekteri adamzatty jeke tulǵa, kásipqoı maman retinde damytyp, onyń eńbekteri ǵasyrlar boıy urpaqtan urpaqqa mura bolyp qala beredi deıdi. Sondaı-aq olar ál-Farabı murasyna arnalǵan osyndaı sharalardyń mańyzdylyǵyn baǵalaý qıynǵa soǵatynyn jetkizip, tipti, ǵylymı aýdıtorıa da qazaqstandyqtardyń uly jerlesiniń eńbekteri men jetistikteri týraly jetkilikti habardar bolýlary qajet dedi. Semınar aıasynda spıkerler budan bólek zamanaýı lıngvıstıkaǵa qatysty ártúrli taqyryptar boıynsha qyzyqty jobalar usyndy. Magıstranttardyń joǵary bilimdiligi men ınovasıalyq ıdeıalaryn kórsetkeni barshany qýantty.

***

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ hımıa jáne hımıalyq tehnologıa fakúlteti óziniń kásibı merekesi – hımık kúnin 30 mamyrda 59-shy ret atap ótti. Dástúrli túrde bul kúni fakúltetti ár jyldary támámdaǵan túlekteri bas qosty. Bul mereke árdaıym jylýlyqqa toly, sebebi túlekter ózderiniń shýly stýdenttik jyldaryn, dostaryn, súıikti oqytýshylaryn eske alady. Bul dástúr bizdiń ýnıversıtettiń basqa da fakúltetterin qyzyqtyrǵany kezdeısoq emes, 2011 jyldan bastap rektor Ǵalymqaıyr Mutanuly Mutanovtyń bastamasymen mamyr aıynyń sońǵy senbisinde búkil ýnıversıtet «Túlekter Kúnin» atap ótýde.**

Bıyl koronavırýs pandemıasynyń saldarynan kóptegen túlekter «Alma-materge» kezdesýge kele almady. Alaıda mereke dástúrli emes onlaın - túrinde ótti. Kezdesý Zoom platformasynyń negizinde uıymdastyryldy, onda fakúltettiń 100-ge jýyq maıtalmany, kórnekti hımıkter, túlekter men mereıtoı ıeleri qaýyshty. Qalǵan kórermender Facebook-tegi fakúltet paraqshasynda onlaın-translásıany kórýge múmkindik aldy. Translásıa kezinde 1000-nan astam kórermen tirkelgen, al eki kún ishinde beıne posty 5500-den astam adam kórdi. Sonymen qatar, is-sharanyń tórt saǵattyq beınejazbasy «Hımık kúnin» uıymdastyrýshysy bolǵan analıtıkalyq, koloıdtyq hımıa jáne sırek elementter tehnologıasy kafedrasynyń YouTube kanalyna júktelgen. Jan-jaqtan kelgen quttyqtaý, estelik vıdeojazbalar ár kafedranyń áleýmettik jelileri arqyly da jarıalandy.

İs-sharaǵa ár túrli qalalar men elderden hımıkter qatysty, uıymdastyrýshylarǵa túlekter – mereıtoı ıelerinen, tabysty hımıkterden - memlekettik qurylymdar ókilderinen, ǵylymı qoǵamdastyqtan, bıznes-qaýymdastyqtarynan, Qazaqstannyń seriktes ýnıversıtetterdiń ókilderinen, alys jaqyn shetelderden 20-dan astam beıne quttyqtaýlar keldi. Olardyń arasynda eks mınıstr K. Shamshıdınova, ýnıversıtet mesenattary Z. Katranova, A. Jarmenov jáne basqalar boldy. Mereıtoı ıelerinen ózderine ustaz bolǵan barlyq oqytýshy-professorlardyń sol kezdegi sýretterin qoldanyp, stýdenttik kezdegi kóptegen sýretterin, qazirgi kezdegi ómirlerin baıandaı otyryp keremet beınebaıandar jasaǵan. Tek qana mereıtoılyq kýrstar ǵana emes, sonymen qatar basqa da túlekter álemniń ár buryshynan vırtýaldy quttyqtaýlar men beınebaıandar jasady.

Qalyptasqan dástúr boıynsha barlyq urpaq merekesi ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ rektory akademık Ǵalymqaıyr Mutanovtyń quttyqtaý sózimen ashyldy.

Júrgizýshiler Qazaqstan Respýblıkasy Konstıtýsıalyq Keńesiniń tóraǵasy, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Túlekter qaýymdastyǵynyń prezıdenti, zań ǵylymdarynyń doktory, profesor, QazMÝ-dyń 1981 jylǵy zań fakúltetiniń túlegi Qaırat Ábdirazaquly Mámıdiń quttyqtaýyn joldady. Óz sózinde ol mesenattardyń qatysýymen Qaýymdastyqtyń jańa tabysty jobalaryn atap ótip, barlyq túlekterdi merekemen quttyqtap, olarǵa kásibı qyzmette tabys tiledi.

Resmı quttyqtaý estafetasyn hımıa jáne hımıalyq tehnologıa fakúltetiniń dekany Haıdar Sýleımanovıch Tasıbekov qabyldady. İs-sharanyń qatysýshylarymen onlaın-kórermenderi fakúltettiń sońǵy jetistikteri týraly, hımıkterdiń jyl saıyn ýnıversıtet bitirgennen keıin mamyr aıynyń sońynda kezdesip otyrý dástúri týraly aqparat aldy. Eń jas kórermender jyl saıyn hımık kúnine D. I. Mendeleevtiń perıodtyq júıesiniń tıisti elementi beriletinin bildi. Mysaly, bıyl mereke 59 element – prazeodıma emblemasymen ótti.

**КазНУ вошел в число ведущих европейских университетов в рейтинге «Academic Ranking of World Universities-European Standard»**

# «ӨНЕГЕЛІ ӨМІР»




**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі ғалым-заңгер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы Торалқасының мүшесі, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры атқарушы директорының орынбасары Игорь Иванович Роговтың өмір жолы мен қызметіне арналған «Өнегелі өмір» сериясының кезекті томының онлайн-тұсаукесер рәсімі өтті.**

Шараға Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының атқарушы директоры – Қанат Жұмабаев, белгілі заңгерлер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері және оқытушылар қатысты.

Университет ректоры Ғалым Мұтанов өз сөзінде, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері қауымдастығының мүшесі әрі түлегі И.И. Рогов бүгінгі таңда заң ғылымы мен білімді дамытуға және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға елеулі үлес қосатынын атап өтті. Ол университет ғалымдарымен тығыз байланыста ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен кездесулер ұйымдастырып, бірлескен ғылыми мақалалар жариялайды, сондай-ақ, заң жобаларына ғылыми сараптама жүргізіп, студенттерді ҚР Конституциялық Кеңесінде зерттеу қызметі мен тәжірибеден өтуге тартады.

Ел тәуелсіздік алған кезеңде мемлекеттік аппарат озық ой мен оны іске асыра алатын, сондай-ақ уақыт талаптары мен сын-қатерлеріне жауап беруге қабілетті білікті кадрларға аса мұқтаж еді. Сол кезеңде мемлекеттік құрылымдарға шақырылған ғылыми қызметкерлердің қатарында Игорь Рогов та болды.

Онлайн шара барысында ҚР Тұңғыш Президенті Қорының атқарушы директоры Қанат Жұмабаев, Ресей Халықаралық құқық қауымдастығы (РХҚҚ) атқарушы комитетінің президенті, әрі мүшесі, з.ғ.д. Анатолий Капустин және басқа да белгілі ғалымдар құттықтау сөз сөйледі.

Өз кезегінде Игорь Рогов барлығына алғысын білдіріп, жылы лебіздері үшін және оның қарапайым еңбектеріне үлкен көңіл бөлгендеріне ризашылығын білдірді. Ғалым-заңгер, заң ғылымдарының докторы Игорь Роговтың өмірі мен қызметіне арналған «Өнегелі өмір» кітабы ғалым өмірінің әр түрлі кезеңдерін сипаттайтын бірнеше бөлімнен тұрады. Оған мұрағаттық материалдар, ғалымның еңбектері, әріптестері, достарының және жақындарының естеліктері мен фотоматериалдар енгізілген.

**Өз тілшімізден**

**В Алматы, в Казахском национальном университете им. аль-Фараби состоялась международная научно-практическая онлайн-конференция «Образование и психолого-педагогическая наука: системность, преемственность, инновационность», посвященная 110-летию известного государственного деятеля Толегена Тажибаевича Тажибаева.**

# ЗНАКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ

Толеген Тажибаев родился в 1910 году. Первый казахский ученый-психолог и доктор педагогических наук, общественный и государственный деятель, дипломат, профессор, академик Академии наук Казахской ССР, заслуженный деятель Казахстана в 1944-1948 г.г. возглавлял министерство иностранных дел КазССР. Затем до 1953 г. руководил КазГУ им.С.Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби), работал заместителем председателя Совета Министров КазССР, министром культуры, с 1957 по 1961 год находился на дипломатической службе советником Посольства СССР в Индии.

Толеген Тажибаевич – знаковая личность в истории Казахстана советского периода. Он внес особый вклад в развитие системы образования страны. Вся его жизнь была посвящена служению своему народу и Родине. Участники конференции поделились воспоминаниями об академике, рассказали о его государственной и общественной деятельности, научных трудах. На конференции обсуждались актуальные вопросы педагогики и психологии.

«Он сделал очень много для становления и развития первого в стране национального вуза – КазНУ им. аль-Фараби. Очень бережно относился к людям, уделял огромное внимание подготовке специалистов, оказывал всестороннюю поддержку молодым ученым, был сторонником и инициатором открытия казахских отделений на факультетах», - отметил, выступая проректор по научно-инновационной деятельности КазНУ Тлеккабыл Рамазанов.



За свою короткую жизнь Т.Тажибаев прошел путь от доцента вуза до наркома просвещения, работал министром иностранных дел республики. Он был прекрасным педагогом и талантливым организатором. Именно он начал готовить в университете востоковедов, психологов, философов, заложил фундамент для развития казахстанской психологической науки, открыв в 1947 году в КазГУ отделение психологии и логики.

Т.Тажибаев одним из первых как представитель интеллигенции своего времени поднял вопрос о значении казахского языка, вполне обоснованно утверждая, что широкое его преподавание необходимо начинать уже с детских садов. В его фундаментальных научных трудах получили отражение идеи о системной взаимосвязи и преемственности традиционной «народной» и современной педагогики.

**Соб. корр.**

# ОНЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ «БҰҰ МОДЕЛІ»

**Алғаш рет «БҰҰ моделі – Жаңа Жібек жолы» халықаралық конференциясы онлайн форматта өтті. БҰҰ-ның құрылуының және Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының 75 жылдығына арналған іс-шараны БҰҰ Ақпараттық бюросы мен Алматыдағы ҚР СІМ өкілдігінің қолдауымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұйымдастырды.**




«БҰҰ моделі – Жаңа Жібек жолы» – бұл түрлі елдердің дипломаттары ретінде БҰҰ жұмысын бейнелейтін студенттер мен жоғары сынып оқушылары үшін ауқымды халықаралық жоба. БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасын төртінші кезең қатарынан басқарып келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аталмыш шараны алғаш рет онлайн форматта өткізуде.

Жоба қазіргі заманның жаһандық мәселелеріне жастардың назарын аударуға, әлем туралы біртұтас көзқарас қалыптастыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға, мәдениетаралық коммуникация мен диалог құру арқылы шиеленістерді еңсеру қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Бүкіләлемдік ғаламдық конференцияға Азия, Африка, Америка және Еуропадан 200-ден астам студенттер мен мектеп оқушылары, сондай-ақ халықаралық сарапшылар, БҰҰ және дипломатиялық орта өкілдері қатысты. Екі күн бойы жас спикерлер бітімгершілік пен адамзаттың тұрақты дамуының 17 мақсатын жүзеге асыру, сондай-ақ Covid-19 таралуын болдырмау, жаһандық экономиканы қалпына келтіру, сапалы онлайн білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету, пандемия кезінде әлеуметтік қолдау және тағы басқа өзекті мәселелерді талқылады.

«Биыл академиялық қоғамдастықтың зияткерлік әлеуетін заманауи әлемнің мәселелерін шешуге жұмылдыруға арналған БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының бастау алғанына 10 жыл толуда. БҰҰ күн тәртібі мен тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруда жастарға маңызды рөл берілуде, бұл жаһандық пандемия кезінде ерекше өзекті»,–деп атап өтті ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры профессор М. Бүркітбаев.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Сейдуманов БҰҰ моделінің заманауи жас көшбасшылары адамзат өркениетін сақтаудың жоғары идеясымен бірігіп өз елдерінің, жалпы бүкіл әлемнің тұрақты дамуына ықпал ететіндігін атап өтті. Сонымен қатар ол конференция қатысушыларын айтулы күнмен – БҰҰ-ның 75 жылдығымен құттықтап, оларға жемісті жұмыс тіледі.

Сонымен қатар, БҰҰ моделінің қатысушыларын онлайн режимде қарсы алғандардың қатарында: Біріккен Ұлттар Ұйымының ғаламдық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек, ЮНЕСКО-ның кластерлік кеңсесінің директоры Криста Пиккат, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі Кэролайн Клаpинваль, ҚР СІМ Алматыдағы өкілдігінің басшысы Ерлан Ысқақов, сондай-ақ Алматыдағы ҚХР Бас консулы – Гэн Липин, АҚШ-тың – Эрик Мейер, Ресей Федерациясынан– Евгений Бобров болды.

**Өз тілшімізден**

*ҚазҰУ-да химия и химиялық технологиялар факультетінде дәстүрлі «Химиктер күні» өтті*

# АЙТУЛЫ КҮН

**Мамыр айының соңғы сенбісінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түлектер күні аталып өтеді. Дәстүрлі түрде арнайы бағдарламамен, мерекелік концертпен тойланатын түлектер күні биыл да елеусіз қалмады. Әлемдік пандемияға қарамастан, ҚазҰУ түлектері мен қызметкерлері айтулы күнді онлайн форматта өткізді.**




Филология және әлем тілдері факультетінің жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы да өз түлектерімен қауышып, салтанатты мерекені қашықтан атап өтті. Кафедра түлектерімен кездесу барысында кафедра меңгерушісі, профессор Г.Б. Мәдиева түлектер назарына кафедра тарихын баяндайтын презентация ұсынды. Кафедраның өткен тарихы мен бүгінгі жетістіктері туралы баяндалатын презентацияда кафедрамыздың негізін салушы тілші ғалымдар туралы да айтылды. Жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы бірнеше жыл қатарынан факультет бойынша көш бастап, университеттің үздік кафедралары қатарына енуде. Кафедра оқытушылары мен студенттерінің жетістіктері түлектер тарапынан жоғары қошеметке ие болды.

Сонымен қатар, көпшілік назарына «Тәлімгерлік» жобасы ұсынылды. Аталмыш жобаның түлектер мен қазіргі білім алушылар арасындағы сабақтастық пен сыйластықты ұлғайтуға бағытталғандығы көпшіліктің көңілінен шықты. Жоба идеясы бойынша университет түлегі қазіргі білім алушылар қатарынан қандай да бір студентті таңдап алып ерікті түрде тәлімгерлік танытып, оған жол сілтеп, бағдар беруі тиіс. Мұндағы мақсат, түлектердің университетпен байланысын нығайта отырып, бітіруші түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуіне септігін тигізу.

Жыл сайын өтетін кездесуде түлектер кафедраның жалынды жастарын қолдап, арнайы шәкіртақылар тағайындайды. Аталмыш дәстүр биыл да орын алды. Белсенді студенттерді ынталандыру мақсатында бірқатар атаулы шәкіртақылар табысталды. Университет түлегі, бүгінгі таңдағы ардагер ұстаз Ж.У. Мукашеваның атаулы шәкіртақысы «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының биылғы түлегі С. Медетбекке, кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары М.Қ. Мәмбетованың шәкіртақысы магистрант Б. Мырзабековаға, ал кафедра меңгерушісі Г.Б.Мәдиеваның атаулы шәкіртақысы докторант Г.С. Нәбиеваға табысталды. Шәкіртақы табыстаушы қазіргі университет қызметкерлері – кезінде қара шаңырақта бакалавриат, аспирантурада білім алған түлектері. ҚазҰУ түлектерінің қазіргі студенттерге шәкіртақы табыстауы ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі іспеттес.

Zoom бағдарламасы арқылы өткен онлайн кездесуде АҚШ, Вашингтон қаласынан Тілдер жөніндегі біріккен ұлттық комитет – Тілдер және халықаралық зерттеулер ұлттық кеңесінің атқарушы директоры, Ph.D. У.П. Риверс, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің ректоры Е. Саурықов, Американың Мэриленд университетінде ғылыми тағылымдамада жүрген кафедрамыздың аға оқытушысы, PhD Ж. Таубаевтар кафедра ұжымына видеоқұттықтауларын жолдады. Сонымен қатар, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Қарлығаш Айдарбек, айтыскер ақын Балғынбек Имашев, «Хабар-24» арнасының жүргізушісі, диктор Бауыржан Жақсылықов, Мичиган университетінде білімін жалғастырып жатқан Жолдас Өрісбай, Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Жадыра Мұзбаева, Тараз мемлекеттік университетінің оқытушысы Дәулет Айгүл сынды кафедрамыздың дарынды түлектері жылы лебіздерін білдіріп, қара шаңыраққа арнауларын тарту етті.

Студенттік шақ әр адамның өміріндегі ең қызықты, жарқын кездердің бірі екені айқын. Сол себепті де, түлектер кездесуі естеліктер мен жүрекжарды тілектерге толы болды. Барлық дерлік түлектің «Біз ҚазҰУ-мен мақтанамыз» деп оқу ордасына деген алғыстарын айтып, ілтипаттарын білдіруі оқытушыларды ерекше қуантты. Еліміздің әрбір аймағында белді қызметтерді атқарып жүрген қара шаңырақ түлектерінің өз оқу орнын мақтан етуі білім берген ұстаздардың да кеудесіне мақтаныш сезімін ұялатты. ҚазҰУ қабырғасынан түлеп ұшқан әр түлектің жетістігі университет жетістігі деп білеміз.

ҚазҰУ түлектерінің кездесуі университет ректорының басшылығымен ұйымдастырылған аса қажетті шаралардың бірі деп есептейміз. Ешбір кедергіге қарамастан, дәстүрлі кездесудің онлайн форматта өтуі түлектер, университет оқытушылары мен студенттері үшін қуантарлық жағдай болды. Мамыр айының соңғы сенбісі әрбір ҚазҰУ азаматы үшін айтулы күнге айналып үлгерді.

**Г. МӘДИЕВА,**
*жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі,*
**Г. НӘБИЕВА,**
*аға оқытушысы*

**Ғұлама ойшыл, Шығыстың жауһары Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Түлектері күні академиялық дәстүр. Журналистика факультеті Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының Түлектер күні 2020 жыл 30 мамырда осы мызғымас дәстүрді онлайн форматта жалғастырды.**

# ТЕМІРҚАЗЫҚ

Журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасындағы кездесуді ұжымның меңгерушісі, саяси ғылымының докторы, профессор Гүлмира Сұлтанбаева ашып, кафедра түлектерін құттықтады.

Түлектердің қолдауымен кафедра базасында соңғы оқу жылдарында ашылған «Qazaqstan», «Egemen Qazaqstan», Ж. Кенжалин атындағы Баспасөз және жаңа медиа оқу-шығармашылық зертханалар серіктес жұмыс беруші ұйымдардың қолдауымен оқу техникалық мүмкіндіктердің алаңына айналды.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының президенті, заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Әбдіразақұлы Мәмидің «Тәлімгерлік: әркім ие бола алатын мүмкіндіктер» жобасы таныстырылды.

Кафедраның осы орайда оқу-техникалық базасын жаңалаудан бастап оқу үрдісіне, білім беру бағдарламалары медиа нарыққа бейімдеуге дейінгі түлектермен орындалған ауқымды жобалары аталды. «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматыдағы тілшілер қосыны, «Qazaqstan» ұлттық арнасының Алматы редакциясы мен «Қазақ газеттері» ЖШС базасында Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының филиалдары ашылуы оқу үрдісінің медиа өндіріске бейімделуіне жол ашты.

Кафедраның әр жылдардағы бітіруші түлегінің ҚазҰУ студентіне тәлімгер болу бастамасын қолдаған Жоғарғы Сот төрағасының кеңесшісі Нұрлан Қалқа: «Қайрат Әбдіразақұлы ұсынған жобасын маған қатты ой салып отыр. Біз бұл бағыттағы серіктестіктің үш нақты қадамын айтсақ. Біріншісі, биылғы жылы тәлімгер болу бастамасына құқықтық журналистика саласына маман даярлауға үлес қосамыз. Екінші бастамамыз, баспасөз қызметі мамандарын сот саласында даярлау қажет. Студенттердің соттардың баспасөз қызметтерінде тәжірибеден өтуіне көмек беру ісін жолға қойсақ. Жоғары курс студенттерінің аудандық, облыстық соттарда тәжірибеден өтуін ұйымдастырамыз. Үшіншісі, құқықтық салаға икемі бар студенттерге арнап, онлайн шеберлік сыныптарын тұрақты ұйымдастырамыз», -деп ұсыныстарды атап өтті. Журналистикада мамандану мәселесін атасақ. Спорт не құқық саласын алсақ. Мәселен, сот саласын тереңдетіп жазған, бәрімізге жақсы таныс әділдікті, әділеттілікті журналистиканың басты қағидасына айналдырған, заң күшіне мұқтаж жандарға кеңес берген Нұри Муфтахтың шеберлігі. Александр Тасболат заңның бүге-шүгесіне дейін зерттеп, бір салаға маманданған танымал журналист. Заң баптарын не терминдерін жай жазып қоймай, халыққа түсіндіріп, билік пен қоғамның арасындағы құқықтық дәнекері болды.

Кафедра тарапынан Гүлмира Серікбайқызы аталған ұсыныстар бойынша, оқу жоспарында Журналистиканың құқықтық негіздері базалық пән ретінде оқытылып отырғанын, салалық жағынан тереңдетіп оқытатын бағдарлама әзірлейтінін атап өтті. Жоғарғы соттың баспасөз қызметімен талқыланған «Құқықтың журналистика анықтамалығын» баспаға дайындау қажеттігін, бұл баспаның журналистердің күнделікті заң, құқық, этика саласында кездесетін терминдер мен процестерді БАҚ материалдарында қолдануға арналған әдістемелік құрал қажет. Құқықтық медиа саласындағы үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың ұсынысы негізінде факультетте студенттік медиа клиника ашылса, салалық мамандар даярлауға ықпалы артар еді.

Факультеттің Түлектер қауымдастығы туралы бейнебаянды тамашалаған кафедраның 5 жылдықтан бастап 35 жылдық түлектеріне дейін бірнеше буын өкілдері қатысқан шарада дәстүрлі медиадан бастап цифрлық медиа нарығының талаптарына сай мамандар даярлауға түлектердің үлесі аталды. Атап айтқанда, танымал журналист һәм қоғам қайраткері 35 жылдық түлектер атынан Сауытбек Абрдрахманов, топ медиа менеджер Арманжан Байтасовтың бейне тілектерімен қатар, шараға 15 жылдық түлектер, есімі елге таныс журналистер Мейіржан Әуелбекұлы, Мирас Мұқаш, PhD докторлары Жұмағали Есенбек, Алма Сайлауқызы қатысып, арнайы шәкіртақы тағайындады. «Kazakh TV» арнасы ақпараттық бағдарламалар бөлімінің шығарушы редакторы Мәншүк Шымырбай, журналист, Жетісу университетінің оқытушысы Назым Дутбаева, «Қазақ радиосының» жүргізушісі Гүлбағыш Бостан шараның спикерлері ретінде кафедра студенттерінің тәлімгері атанып, журналистік дағдыларын үйрету ісіне үлес қоспақ. Алдағы оқу жылында «Хабар» АҚ» 25 жылдығы, «Қазақ радиолары» ЖШС 100 жылдығы, «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпараттық агенттігі» Акционерлік қоғамы 100 жылдығы қарсаңында кафедра жұмыс беруші серіктес ұйымдармен ауқымды шаралардың жоспарлары талқылануда. Түлектер – академиялық дамудың интеллектуалды капиталы.

**Журналистика факультеті**




**В КазНУ в рамках превентивных мер по снижению риска распространения коронавируса прошли первые онлайн-защиты докторских диссертаций**

# 35 ЛЕТ В ОБРАЗОВАНИИ

**Сегодня в структуре многих университетов нашей республики есть foundation факультеты, которые готовят иностранных студентов к поступлению в казахстанские вузы. Но первым в этом важном деле, объединяющем людей разных национальностей и стирающем границы между странами, был КазГУ им. С.Кирова (ныне – КазНУ им. аль-Фараби).**

В стенах легендарного КазГУ 35 лет назад появились первые иностранные студенты, пожелавшие изучать великий и могучий русский язык. В Казахстане открылся первый подфак - подготовительный факультет для иностранных граждан. И в коридорах нашего университета зазвучало неслыханное доселе многоязычие, замелькали лица людей разных национальностей, цвета кожи и культур. На тот момент университет ставил перед собой цель – подготовить высококвалифицированные кадры для стран Центральной и Юго-Восточной Азии, Ближнего Востока, Африки и Латинской Америки. Выпускники факультета получали возможность продолжать обучение в высших учебных заведениях СССР по специальности. Инициатором открытия нового факультета был ректор У.А.Джолдасбеков.

Вразные годы вследствие исторических перемен в Казахстане факультет претерпевал серьезные изменения и сегодня стал одним из динамично развивающихся подразделений Казахского национального университета им. аль-Фараби. За годы существования факультет обучил более 5 000 иностранцев из около 100 стран мира: представителей казахской диаспоры из стран ближнего и дальнего зарубежья, иностранных студентов по международным программам межвузовского обмена, слушателей иностранных компаний, посольств, международных организаций и по межправительственным соглашениям. Факультет сотрудничает с посольствами и консульствами разных стран: США, Японии, ИРА, Южной Кореи, Монголии, Испании, Турции, КНР, Ирана и других.

Факультету доверены два важных участка работы – языковое обучение иностранных граждан и подготовка представителей казахской зарубежной диаспоры к поступлению в вузы РК. С 2001 года на факультете обучилось более 1000 слушателей – представителей казахской зарубежной диаспоры.

Рост контингента иностранных слушателей факультета свидетельствует об их заинтересованности в обучении в КазНУ им. аль-Фараби, который иностранцы не без основания считают самым лучшим вузом в Казахстане.

Новый век принес свежие веяния, которые ставят перед факультетом довузовского образования глобальные задачи, связанные с расширением горизонтов международного сотрудничества и увеличением контингента иностранных слушателей. Факультет оперативно реагирует на требования времени, которое диктует необходимость быть гибкими и мобильными в этом стремительно меняющемся мире.

Будущее факультета тесно связано с амбициозными планами КазНУ им. аль-Фараби по вхождению в ТОП-200 лучших вузов мира. Факультет вступил в новую фазу своего развития и планомерно предпринимает шаги сотрудничества с такими международными организациями и университетами других стран, как Пекинский, Шанхайский, Синьцзянский и Ланджоуский университеты (КНР), Университеты Кьонги и Ханкук (Южная Корея), МГУ, МГЛУ, СПбГУ (Россия) и другими

Свой огромный вклад в достижение высоких целей в составе факультета довузовского образования вносит кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев, которая на протяжении 35 лет готовит зарубежных слушателей по русскому языку как иностранному (РКИ), является основоположником направления «Казахский язык как иностранный» (КазКИ) и законодателем инновационных трендов в методике преподавания казахского языка как иностранного.

На кафедре языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев со дня основания работают творцы, которые пропагандируют прекрасный мир языка. Перелистывая страницы летописи кафедры, разглядывая старые, пожелтевшие от времени фотографии, в лицах молоденьких девчушек узнаешь ныне опытных виртуозов преподавательского искусства, профессионалов высокой квалификации, которые «поднимали целину» нового для того времени и для Казахстана дела. Это и профессоры Ж.А. Нуршаихова, Л.В.Екшембеева, доценты Л.С. Торохтий, Д.С. Толмачева, Е.Р. Игнатова, У.К. Валеева, Т.Я. Семенова.

Безусловно, история университета, факультета, кафедры делается руками, делами самой активной, мобильной, энергичной части общества — студенчеством. На нашем факультете можно увидеть студентов разных национальностей, конфессий, возрастов. Среди них есть и бизнесмены, и волонтёры, и альтруисты, но всех их объединяет одно — желание познать и изучить язык Абая и язык Пушкина. Ежегодно на факультете довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби казахскому и русскому языкам обучаются более 500 иностранных слушателей. Зарубежная молодежь активно принимает участие во всех мероприятиях факультета и университета, получает знания не только в аудиториях, но и имеет возможности для индивидуальных онлайн-консультаций через различные интернет-платформы.

Из уст в уста передаются захватывающие, романтические, сентиментальные, комичные истории об иностранных студентах, основанные на реальных фактах. Это и легенда о самом возрастном слушателе из Японии, которому на момент обучения было 70 лет. Он приехал не только изучать казахский язык, но и поддержать Международное антиядерное движение «Невада-Семипалатинск». В стенах факультета зарождалась история любви, главная героиня которой, приехав из Франции, осталась жить на казахской земле рядом со своим любимым. И таких увлекательных историй за 35 лет существования кафедры собралось достаточно, они наряду с историческими экспонатами бережно хранятся в музее факультета.

Но новые вызовы и тренды нынешнего времени не дают возможности долго оглядываться назад и диктуют новые правила жизни в условиях исследовательского университета. Кафедра постоянно находится в процессе активных научно-исследовательских изысканий, которые аккумулируются в монографиях, учебных пособиях, методических разработках. И таким образом продолжая ежедневно творить историю кафедры, факультета и, конечно же, университета.

***Преподаватели КазНУ им. аль-Фараби Г.К. Ихсангалиева, Ж.С.Нуржанова и Б.С. Айдарова поздравляют свой факультет и свою кафедру языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев с 35-летием!***

# ҒЫЛЫМДАҒЫ ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ

**Отандық этнология ғылымы күрмеуі толық шешілмеген, күрделі мәселелері тоғысқан ғылым десем болады. Мәселесі қордаланған ғылым саласына келу, сол ғылымның өзекті мәселелерін шешуді өзіне ғылыми мақсат-міндет ету оңай шаруа емес. Әрі этнология ғылымының теориялық мәселелерін, қолданбалы, далалық экспедициялық материалдармен бірге қарастыратын, пәнаралық байланыстар тоғысында еңсеретін «далалық мектеппен» егіз туылған ғылым екені де баршамызға аян.**



Археология ғылымы сияқты, этнология ғылымына келген адамның даланы сүйетін «фанатизм» сезіміне бөленген қасиеті болмаса, ол адамнан толыққанды ғалым шықпайды. Оның үстіне әйел адамның «кабинеттік ғалым» мен «практикалық ғалым» қасиетін қатар игеруі өте қиын. Практикалық ғылым бағытында жүрген біздер оны жақсы түсінеміз. Осы этнология ғылымы саласында тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүрген қарындастарымыздың бірі, бірегейі Бибизия Кенжебекқызы дер едім.

Бибизия Кенжебекқызы Отандық этнология ғылымынан ойып алған өз орны бар ғалым. Оның ғылымға деген сүйіспеншілігі, ізденушілік пен еңбекқорлығы тарихи және әлеуметтік этнология ғылымында биікке көтерілуіне септігін тигізді. Әл-Фараби бабамыздың «ұстаздық мінез-құлық нормасын» сипаттаған: «Ұстаз... ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысынан тас тесетін бейнебір су тәрізді»,– деген сөзі біздерге, ұстаздар қауымына арналған «этикалық кодекс» секілді. Бибизия Кенжебекқызы өзінің бойындағы табандылық пен ынталылық қасиетін ұстаздық қызметінде кеңінен танытқан, әрі шынайылықпен іске асырған адам. Этнология саласында, соның ішінде өзі қызмет етіп жүрген Археология, этнология және музеология кафедрасында «Археология және этнология» мамандығының «Этнология» бағытында, «Музей ісі және ескерткiштердi қорғау» мамандығында «музейлік этнография», «мәдениеттану», «этнографиялық ескерткіштану» бағыттарында шәкірт дайындауда өзінің «ғылыми мектебін» қалыптастыруы, шәкірттерінің ғылыми ізденістерінің шыңдалуына бас болуы өзіміздің көзіміздің алдында, бір «шежіредей» өтіп жатыр. Бибизия Кенжебекқызы кандидаттық диссертациялық, одан кейін докторлық диссертациялық жұмыстары да өзіміздің кафедрада орындалды, кафедрада талқыланды, нәтижелі қорғалды.

Бибизия Кенжебекқызының «Түркия қазақтары – 2012», «Алматы облысындағы оралмандар – 2013», «Ақмола және Павлодар облыстарындағы оралмандардың тарихи Отанға бейімделуі – 2014», «Оңтүстік Қазақстан облысының мәдени мұраларын жинау – 2014» этнографиялық далалық экспедицияларына жетекшілік ету, шәкірттерін университет қабырғасында ғана емес, «далалық ғылыми мектепте» шыңдауы деп білеміз.

«Қазақ диаспорасы мен репатрианттардың этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу мәселелері» атты тақырыпта ҚРБжҒМ ұсынған іргелі ғылыми зерттеу жобасына жетекшілік етіп, зерттеу нәтижелерін ғылыми айналымға ендірудегі еңбегін ғылыми орта жақсы біледі. Репатриант, идентілік сияқты қазіргі заманғы әлеуметті талап ететін тақырыптарын игеру мақсатында жүрген ғалымдардың аз екенін, яғни барлығының бірдей жүрегі дауалап осы мәселені игеруге бара бермейтіні шындық. Бибизия Кенжебекқызының бұл тақырыптарды өзі игеріп қана қоймай, осы салада шәкірт даярлап, ғылыми зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасауы, яғни ғылымдағы даулы, күрмеуі қиын тақырыпты алып жүруі, оның бойындағы батылдық, жауапкершілік пен еңбекқорлықтың дәлелі.

Бибизия Кенжебекқызы бұл күні мерейлі 60 жасқа толып отыр. Бибизия Кенжебекқызының ғылым көкжиегін кеңейтуге деген ұмтылысы, кәсіби біліктілігінің нақты көрсеткіші. Оның этнология ғылымына берер еңбегінің әлі де алда екені сөзсіз. Ғалым қарындасыма ғылымға деген махаббаты бен шынайы сүйіспеншілігі шексіз болсын демекпін!

**Мадияр ЕЛЕУОВ,**
*профессор, археолог*

*ҚазҰУ еліміздің ең үздік ЖОО-лардың ұлттық рейтингісінде (IQAA-Ranking) бірінші орынды иеленді*

# ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Еліміздегі маңдай алды жоғары оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен талай танымал тұлғалардың қанат қаққаны белгілі. Олардың өрелі ойларын ізгілікті істерге тамыздық етіп жүргендері қаншама! Әуелде екі факультеттен бастау алған қара шаңырақ қазіргі шақта сан-салалы мамандық иелерін дайындауда шашасына шаң жұқтырмай келеді.**

Осындай игілікті шараларда университетпен бірге өсіп, біте қайнасып, шабыттары шау тартпай жүрген байырғы түлектерге дән ризамыз. Осыған орай – тарихы 1959 жылдан басталатын механика-математика факультетінің табалдырығын сол жылы аттап, күні бүгінге дейін осы факультеттен табан аудармай қызмет жасап келе жатқан Жүсіп Сүлейменұлының өнегелі өмірін тілге тиек еткен жөн. Әлмисақтан, Ырғыз деп аталатын қазақтың құйқалы жерінде 1940 жылы дүние есігін ашқан бұл кісіге бұрынғы физика-математика факультетінің негізінде ашылған су жаңа механика-математика факультетіне студент болу бақыты бұйырған.

Жүсіп Сүлейменұлы сол кезеңде одаққа, шетелге, атағы жайылған ғалымдар мен ұстаздар, профессорлар: К.П. Персидский, Е.Н. Ким, Х.И. Ибрашев, Г.Н. Багаутдинов, В.Х. Харасахал, В.А. Сапа, Ө.М. Сұлтанғазин сияқты майталмандардан дәріс тыңдап, университетті 1964 жылы дифференциалдық және интегралдық теңдеулер мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіреді де, кафедраға аспирантурада қалдырылады. Талмай еңбектену арқасында 1968 жылы республикада математикадан алғашқы ғылыми мектепті ашқан, орнықтылық теориясының негізін қалаушылардың бірі, бұл саладан әлем математиктері мойындаған ұлы ғалым академик К.П. Персидскийдің жетекшілігімен «003-дифференциалдық теңдеулер жүйесі шешімдерінің орнықтылығы мен сипаттаушы сандары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Міне, содан бері қиындығы мен қызығы мол ұстаздық пен ғалымдықты ұштастырудан қол үзбей, университетте оқу жұмысын ұйымдастыруға, оқыту әдістемелерін жетілдіруге белсене қатысып келеді. Факультеттің әдістемелік кеңесін ондаған жылдар басқара отырып, оқу-әдістемелік конференциялар мен студенттердің өзіндік жұмыстарын оңтайластыру шараларына арналған семинарлар ұйымдастырып, 1991-1992 жылдары университеттің оқу-әдістемелік басқармасын басқарып, екі сатылы білім беру жүйесіне көшуге сіңірген еңбегі де бір төбе. Кафедра меңгерушісі қызметін атқарған кезеңдерде пәндердің оқу-әдістемелік кешенін, жұмыстық оқу бағдарламаларын жетілдіруге, студенттер білімін бағалауға арналған түрлі бақылаулар мазмұнын айқындауға көп көңіл бөлді. Жинақтаған тәжірибе дифференциалдық теңдеулер курсынан қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарының тууына бірден-бір себеп болды. «Дифференциалдық теңдеулер курсы» (1991 ж., 360 б.), «Дифференциалдық теңдеулер 2» (1996 ж., 256-б.) атты оқулықтары студенттердің қолдан түсірмейтін кітаптарына айналды. «Бірінші ретті жай дифференциалдық теңдеулерді интегралдау әдістері», «Сызықтық дифференциалдық теңдеулерді интегралдау әдістері» оқу құралдары мен көптеген оқу-әдістемелік құралдары (жалпы көлемі 200-ден астам баспа табақ) белгілі бір топтағы теңдеулердің қасиеттерін талдап, нақты есептерді шығаруға арналған нұсқау іспетті. Бірегей туынды болып саналатын бұл оқулықтар мен оқу құралдарында көптеген дифференциалдық тендеулерді шешу үшін бұрын-соңды қолданылмаған тиімді әдістер ұсынылған. Әсіресе сызықтық теңдеулер мен жүйелерді, сызықтық шекаралық есептерді, ерекше шешімді табу мәселесін ұтымды шешу жолдары мамандардың жоғарғы бағасына ие болып отыр. Бұл оқулықтары үшін жоғары оқу орындары қауымдастығының «Саңлақ автор» атағын иеленіп, Ахмет Байтұрсынов атындағы медальмен марапатталды (2003 жыл).



Жүсіп Сүлейменұлы – мемлекеттік емес орта оқу орындарын Алматыда ашуды ұйымдастырушылардың алғашқыларының бірі. Ол басқарған, 1992 жылы ашылған, «Фараби» колледжі – балаларды оқытудың жаңа бағытының үлгісі. Мектеп оқушылары мен абитуриенттерге арнап «Сборник конкурсных задач по математике», «Математикадан конкурстық есептер жинағын» (М.Қ. Дауылбаевпен бірге) жарыққа шығарды.

Ол соңғы 20 жыл ішінде дифференциалдық теңдеулерді сапалық теория бойынша зерттеумен қатар ғылыми-әдістемелік зерттеулер жүргізіп, солардың негізінде 2004 жылы «Методическая система обучения дифференциальным уравнениям студентов физико-математических факультетов университетов» атты докторлық диссертациясын корғады.

Жоғарыда аталған білім беру саласындағы жұмыстарының нәтижесінде Жүсіп Сүлейменұлы 2009 жылы ҚР БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантын иеленді. Ал, 2009 жылы «Қазақстан республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, 2010 жылы «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен» марапатталып, 2012 жылы Халықаралық ақпараттану академиясының академигі, 2015 ж. ҚР Ғылыми педагогикалық академиясының академигі болып сайланды. 2017 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Осындай елеулі еңбектері Жүсіп Сүлейменұлының мамандық таңдауда қателеспегенінің айғағы болса, ол кісінің жар таңдауда да қателеспеген жан екенін айта кету – ләзім. Жұбайы – Игібаева Үміт Баялықызы да осы біздің ұлттық университетімізді бітірген, есептеу машиналары зертханасында көпжылдар қызмет істеп, зейнетке шықты. Үлкен ұлы Серік университеттің механика-математика факультетін қызыл дипломмен бітіріп, кейінірек заң, құқықтану мамандығын тәмамдап, қазіргі таңда Қазақ Республикасының бір мемлекеттік қызметінің тізгінін ұстап отыр. Қызы Лира №56 орта мектептің физика-математика сыныбын алтын медальмен аяқтап, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін үздік бітірді. Эксимбанкте департамент басқарып, ҚазТрансГаздың Алматы қаласы бойынша бас директоры қызметтерін атқарды. Кіші ұлы Ерлан университеттің экономика факультетін, кейінірек Қ. Сәтбаев атындағы Ұлттық политехникалық университетті бітіріп, жоғары лауазымды қызметте. Немересі Айша (Лираның қызы) Оксфордта дайындық курсында, Лондон университетінде бакалавриатта оқып, Кембридж университетінің магистратурасын бітірді. Қазір Америкада Бостон қаласында қызмет етеді. Қалған немерелері: Инеш ЖОО-да оқыса, Ясмин, Айсара, Шахназар, Жәнібек, Айсұлтандар мектепте оқиды.

Мұнымен қатар, ұлық ұстазға деген зор құрмет ретінде ғылым әлеміне батасын беріп, тұсауын кескен Константин Петрович Персидский атындағы аудиторияның механика-математика факультетінде 2019 жылы ашылуына мұрындық болып, салтанатты шара өткізіп, өз қаржысына сол аудиторияны қажетті көрнекі стендтермен безендіруі – ұлық істі үндемей жүріп тындыра білетін асыл қасиеті емес пе?!

Қорыта айтқанда, от басы мен маңайындағы жақсы жандарға деген ықыластан туындаған қуат пен шабыттың қайнар көзінен нәр алған ардақты ағамыз сексенге сергек сеніммен аттап, факультет ұжымына мұратқа жету жолындағы табандылықтың тамаша үлгісін көрсетуде. Сондықтан, факультет ұжымы – тамыры тереңдегі – қазыналы ағамыздың шаңырағын шаттыққа бөлеп, жемісті еңбектері жеңіске жетелей беруіне тілектеспіз!

**Хомпыш ХОНАТБЕК,**
*кафедра меңгерушісі,*
**Иманқұл ТӨЛЕУХАН,**
*доцент*

# Онлайн кітапхана – заман талабы

**Қазақстан Республикасының индустриалды даму концепциясы қоғам дамуының инновациялық түріне көшуді, интеллектуалды сыйымды адам потенциалын қалыптастыруды, жастардың интеллектуалды капиталын мақсатты түрде дамуын көздейді.**

Кітапхана қашан да және қай уақытта болмасын ең ғажайып, құнды, баға жетпес кітаптардың тұрағы, адам ақыл-ой, парасатының қоймасы болып қалады. Қазіргі кітапханалар ол тек қана кітаптар емес, ол міндетті түрде газет-журналдар, аудио және бейнетаспалар, CD-дискілер, алуан түрлі мазмұнды электронды ресурстардан құралады.

Ғылыми–техникалық процестің қарқындауы салдарынан кітапхана қызметіне өзгерістер енгізіліп, электронды ақпарат құралдары, информатикалық даму күннен-күнге жетілгенімен кітаптың алар орны бөлек. Себебі, прогресті жасау үшін де адамзаттың кітапқа жүгінбеуі мүмкін емес. Қазіргі таңда кітапханашылар библиограф, редактор, PR менеджер, IT бағдарламашы, технолог әрі оқырмандармен жұмыс атқара білетін психолог болуы қажет. Себебі қоғам жасанды интеллектпен, компьютерлік жаңа технологиялармен тығыз байланысты.

Елімізде COVID-19 індеті жайлап, төтенше жағдай жарияланған күннен бастап әрбір мекеме қашықтықтан жұмыстарын атқаруға көшті, осыған орай Алматы қаласының білім беру мекемелері және ірі кітапханалар барынша жұмыстарын онлайн режимінде атқаруға күштерін жұмылдырды. Атап айтсақ, ҚР Ұлттық кітапханасы және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы оқырмандарға ақпараттардың қолжетімді, әрі тиімді жұмыстарын ұсынды. ҚР Ұлттық кітапханасы әрбір бөлім қызметкерлері өздерінің тәжірибесімен бөлісу мақсатында онлайн-дәрістер ұйымдастырып оқырмандармен бөлісті. Кітапхананың басқа да көптеген онлайн қызметтерін пайдалану үшін кітапхана nlrk.kz сайтына кіру арқылы қол жеткізуге болады. Әл-Фараби кітапханасы қордағы материалдармен танысу үшін дәстүрлі форматта ғана емес, сондай-ақ электронды нұсқасы да қолжетімді қызметі, сондай-ақ әдебиеттерге онлайн тапсырыс беру, толық мәтінді дерекқорларға тіркеліп электронды ресурстарды пайдалану, библиографиялық онлайн тапсырыс түрлері, яғни фактографиялық, тақырыптық, нақтылайтын, мекен-жайлық анықтамалар арқылы керекті құжаттарын 3 күндік мерзім ішінде сұранысы онлайн түрінде орындалады. Егер де сіз басқа қалада тұрсаңыз немесе кітапхананы келіп көруге мүмкіндігіңіз болмаса кітапхана сайтындағы виртуалды тур сілтемесі арқылы кітапхананың құрылымын және бөлімшелерін көріп тамашалауға болады.

Әл-Фараби кітапханасы сондай-ақ, «Абай – руханияттың алтын қазығы» тақырыбында оқырмандар арасында онлайн байқауын ұйымдастыруда, толық ақпаратты және онлайн қызмет түрлерін пайдалану үшін кітапхана сайтын http://elibrary.kaznu.kz/ ұсынамын. Қазақстан кітапханаларының болашағын дамыту үшін қазіргі кезде қазақстандық жас кітапханашылардың айқын көзқарасын және кітапханашы кәсібінің оң имиджін қалыптастыру күрделі жұмыстардың бірі. Кітапханашылардың жұмыс кестесінің ұзақтығы және жалақысының төмендігі жастарды кітапханадан алшақтатады. Кітапхана ісі мамандығына түсетін студенттердің көпшілігі мемлекеттік грант иегерлері, ақылы бөлімде ешбір студентті кездестірмейтініміз хақ. Бүгінгі жастардан болашақ білікті маман даярлау үшін, алдымен Қазақстан кітапханаларының жағдайына мән беріп, жоғары деңгейдегі жаңа технологиялармен жабдықталған, жастарды қызықтыратын ақпараттық-креативті орталыққа айналдыруымыз қажет.

**Назгүл ДЕНГЕЛЬБАЕВА,**
*тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы*

**КазНУ стал участником глобального исследования Worlds of Journalism Study Association (WJSA), который направлен на исследование состояния журналистики в мире**

# Шындық жолында

**Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбайұлы–өз ұлтының реалистік-гуманистік жаңа әдебетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезеңінің ең басты мәселелерін дәл бейнелеп,дұрыс қорытынды шығара білген жаңашыл ақын. Ол халқын мәдениет нұрына үндеп, әдебиет көшін зор мақсатқа меңзеді.**



Ағымдағы жылда ұлы тұлғамыздың туғанына 175 жыл толып отыр.Осыншама жыл көлемінде қайталанбас талантты ақынның мұралары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес.

Кемеңгер ақынның ұлы мақсат-мүдделері бізге тамаша мазмұндағы әдеби еңбектері арқылы жетті. Қаламгер қалдырған мұралар өз дәуірінің алуан түрлі мәселелерін қамтып қана қоймай, сол заман мен біздің заманымызда да маңызын жоғалтпаған тәрбие, адам жаны жайлы тақырыптар арқылы қазақ халқының сырын шерткен. Заман кесапатын көп көрген ақын кезінде қолдаушысын таппай жабығып, жалғыссыраса да, түңілмей, ізденіп, жарқын өмірдің сәулесін көрсетуге күш салған. Адам өз мақсатына түсініп ойланажетуі керек, ақылмен өмір сүруге тиіс деп санаған.

Замана талабын түсіну, сол ұсынған зор мақсатқа сай қызмет қыла білу саналы, ойлы ақынға, алдыңғы қатарлы адамға лайық. Абай сөздері шетінен ойлы, сырлы. Ақын тереңнен толғайды. Адам баласының қайғысы мен қасіретін, қуанышы мен сүйінішін түгел шертіп, шерменде халықтың сай-сүйегін сырқырата, оған ой сала, санасына сәуле түсіре сөз қозғайды. Ол өлеңдерінде де, қарасөздерінде де өмір шындығын, халық арманын, болашақ қамын көздеген ерекше тұлға. Өзі айтқандай: «Қыранша қарап Қырымға, мұң мен зарды қолға алды. Кектеніп надан, зұлымға, шиыршық атты толғанды».

Қандай суреткер болмасын, ол өзі өмір сүріп отырған қоғамнан тыс қалып, томаға-тұйық тіршілік ете алмайды. Ендеше, оның өзі өмір сүріп отырған қоғамда қалыптасқан өзіндік дүниетанымына сәйкес өзіндік қайталанбас педагогика-психологиялық идеялары бар. Сондықтан, өмір құбылыстарын суреттегенде оған өз қарым-қатынасын көрсетпей қала алмайды. Өз шығармаларында сәулеленген өмірлік тәжірибеден алынған шындық туралы өз кесімін айтып, өз «үкімін» шығарады. Абай халықты қараңғылықтан, қапас өмірден қалай құтқару жолының нақты шешімін таппаса да, қоғмдық құрылыстың қалайша өзгеретіндігін аңғара алмаса да,ел ертеңіне сенген. Оған өзінің:

«Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,

Мың күн сынбас,бір күн сынар шөлмек»,–деген түйінді сөзі дәлел. Халықтың ой-санасында ертеден қалыптасқан кісіні адамгершілік тұрғысынан бағалап, даралайтын жақсы мен жаман деген секілді ұғымдарды да Абай жаңаша мағына беріп, орынды пайдаланады.

Абай көптің бірі емес. Жеке дара туған талант. Ол адам баласын бөлмей,түгел бауыр тұтып,бәрінің де бақытты болуын, бірдей дәрежеде тәңіріне сеніп, тәубесіне бас ұрып,адамгершіліктің ең жоғарғы сатысына жетуін, ел-жұртты түгел әділеттілік билеуін, ешкім қиянат қиындықтарын көрмеуін керек еткен. Аттары мәлім болған пайғамбарлардың қай-қайсысының да талаптары осыған саяды ғой. Абайдың түпкі ниеті де осы болғаны күмәнсіз.

**Жасмин ДӘРІБАЕВА,**
*мектеп бітіруші түлек*

**Әлемге таралған індет салдарынан республика бойынша барлық оқу орындары қашықтықтан оқыту режимінде жұмыс жасауда. Бұл отандық білім беру жүйесі үшін – үлкен сынақ. Оқытудың жаңа формасына көшу бұл саладағы мамандар үшін де білім алушылар үшін де айтарлықтай қиындықтар туғызып отыр.**

# Ұтымды практика

Жылдық жоспардан тыс пайда болған онлайн оқыту осы оқыту түріне қолданылатын жүйелердің, бағдарламалық пакеттердің, бірқатар ұтымды технологиялардың таптырмайтын оқыту құралы екенін көрсетіп отыр.

Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін бұл форматта сапалы білім беру қашықтан оқыту технологиялары тұрғысынан еш қиындық туғызбауда. Zoom.us, Skype.com бағдарламалық пакеттері, youtube.com каналы арқылы, сонымен қатар, МООК платформасы сияқты қашықтан оқыту бойынша білім алудың заманауи технологиялары таптырмас құрал болып отыр. Жоғарыда аталған қашықтан оқыту технологияларынан бөлек, университетіміз dl.kaznu.kz жүйесін және күнделікті қолданыстағы univer.kaznu.kz жүйесіндегі "қашықтықтан оқыту курсы" қосымшасы белсенді қолданысқа ие болды. Білім беру саласындағы қызметкерлердің төзімділігі мен жұмысқа деген шынайы ықыласы арқасында білім үрдісі өз жұмысын ұтымды түрде жалғастыруда.

Оқу үрдісінің осы төтенше жағдайы бірінші курс докторанттары үшін педагогикалық іс-тәжрібие кезеңімен тұспа – тұс келіп отыр. Бұл, ең біріншіден, өз кезегінде болашақ ғылым мамандары – доктаранттар үшін заманауи технологияны мүмкіндігінше игерудің таптырмас мүмкіндігі болып отыр. Қазіргі уақытта механика кафедрасының бірінші курс докторанттары педагогикалық практика бойынша үлестірілген сабақтарды дәстүрлі түрде де, яғни университетте, онлайн түрде де өтуді жеткілікті тұрғыда меңгерді. Осы тұрғыда докторанттардың бакалавр студенттері мен магистранттарға өткен ашық сабақтарының кей сәттерін келтіріп отырмыз. Докторанттардың бұл жұмыстары педагог және психолог мамандарының сараптамасынан өтіп, сыни тұрғыдан талдау жасалмақ.

Біз – доктаранттар, педагогикалық іс-тәжірибенің дәстүрден тыс онлайн режимде, қашықтықтан оқыту түрінде өткеніне, заманауи технологияны оқу процесіне кең қолдана білуге дағдыландырғанына қуаныштымыз. Әр қиындықтың өз жақсылықтары бар демекші, осы педагогикалық іс-тәжірибенің біз үшін оңтайлы тұстары көп болды. Ойламаған олжа, ұтымды практика!

Механика кафедрасының докторанттарының атынан мемлекеттік деңгейде төтенше жағдайдың орын алғанына қарамастан студенттерінің хал-ахуалына алаңдап, білім үрдісінен алшақтатпау үшін жағдай жасап отырған университетімізге, факультетімізге, механика кафедрасының ұжымына және педагогикалық іс-тәжірибе жетекшісі, кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, доцент м.а. Д. Туралинаға алғысымыз шексіз.

**Айкен КӨШЕРБАЕВА,**
**Қарлығаш ШЕТИЕВА,**
*механика кафедрасының 1-курс докторанттары*

**ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық факультетінде «Біз біргеміз» шарасы ұйымдастырылды. Әлемді өзінің үрейлі дақпыртымен, ауыр зардабымен шырқ үйірген тәжвирусы кезінде еліміз «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», жұдырық боп жұмылып бірге індетке қарсы әрекет етіп жатыр.**

# Біз біргеміз!

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде халықаралық студенттерді алмастыру бағдарламасымен және де Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан оқу бағдарламасымен келген шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері – қандас тыңдаушыларымыз, гуманитарлық көмек бойынша келген ауғанстандық тыңдаушылары, таяу және шалғай шетелден келген ақылы түрде білім алушылар оқиды. Қазіргі күрделі кезеңде таяу да шалғай шетелден келген қандас білім алушыларымыздың біразы өздерінің туған елдеріне әртүрлі себептермен қайта алмай қалды. Қауіпті кезеңнің қыспағында қалған қандастарымыз алыстағы ата-ана, туыстарының қолдауынан қол үзіп қалды. Алайда оларға атажұртта ата-анасының орнын жоқтатпауға ұмтылатын ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымы бұл жолы да шәкірттерін назардан тыс қалдырмады. «Біз біргеміз» науқаны аясында шәкірттеріне моральдық қолдау, материалдық көмек көрсетуде. Әрдайым байланыс жасап, олардың хал-жағдайын біліп отырады. Қашықтан да пікір алмасып, оларға ақыл-кеңес беріп, моральдық қолдау көрсетіп, жағымды психикалық ахуал туғызуға тырысады. Жатақханада қалған қандастарымызды азық-түлікпен қамтамасыз етті.

**Р. НАРАЛИЕВА,**
**Б. САВДЕНБЕКОВ,**
*ҚазҰУ оқытушылары*



**ҚазҰУ ұйымдастыруымен алғаш рет «БҰҰ моделі - Жаңа Жібек жолы» халықаралық конференциясы онлайн форматта өтті**

# КУЗНИЦЕ СПОРТИВНЫХ КАДРОВ – 15 ЛЕТ

**В этом году исполняется пятнадцать лет со дня открытия в Казахском национальном университете им. аль-Фараби специальности «Физическая культура и спорт». Это целая эпоха в истории кафедры, наполненная яркими событиями.**

Инициатива открытия специальности по подготовке физкультурных кадров в университете принадлежит почетному заведующему кафедрой физического воспитания и спорта, заслуженному тренеру РК, член-корреспонденту НАН ВШНК, профессору Арещенко Анатолию Ивановичу, при непосредственном участии заместителя заведующего кафедрой по учебно-методической и воспитательной работе, кандидата педагогических наук, доцента Мадиевой Галии Баянжановны. У истоков открытия специальности стояли преподаватели: Якуба Виктор Иванович, Онгарбаева Дамет Туралбаевна, Мартыненко Ирина Ивановна. В настоящее время на кафедре работают: 2 доктора наук, профессора, 1 ЗТРК, профессор, 4 кандидата наук, 1 доктор PhD. С 2016 года кафедрой заведует к.э.н. Дилмаханбетов Ермек Киргизбаевич.

С каждым годом растет количество спортсменов, желающих получить высшее физкультурное образование именно в Казахском национальном университете им. аль-Фараби. За юбилейный период кафедра выпустила в профессиональную жизнь около 400 специалистов: более трехсот бакалавров, 75 магистров, подготовила 2 докторов PhD, многие из которых добились успехов в сфере управления физической культурой и спортивной деятельностью. Так, выпускник Жартыбаев Амангали Салькенович руководит Научно-практическим центром физической культуры Управления образования акимата Жамбылской области, Копчикбаев Самат Жанашевич назначен акимом Лепсинского сельского округа, Алакольского района, Алматинской области, Турисбеков Саддам - руководитель административно-правового отдела управления стратегии и бюджета акимата города Алматы, Сыдыкжанов Берик Кажымуканұлы – заместитель директора по спорту Республиканского колледжа спорта города Алматы.

Кафедра физвоспитания и спорта добилась значительных успехов. Пересмотрена и кардинально изменена работа по подготовке студентов-спортсменов высокого класса в университете, благодаря которой подготовлена большая плеяда студентов-спортсменов КазНУ. Спортсмены университета вошли в элиту мирового спорта и добились высоких спортивных показателей на мировой арене. В 2012 году студенты и магистранты – мастера спорта международного класса Артур Дильман, Олег Работа (плавание), Роман Пилипенко (водное поло), Виктория Зябкина, Айман Кожахметова и другие принимали участие в Олимпийских играх в Лондоне.

Одним из значимых достижений последних лет университета является участие 17-ти студентов в Олимпийских играх в Рио-де-Жанейро (2016 г.), из которых в десятку сильнейших спортсменов вошли наши студенты: Дмитрий Баландин – чемпион Олимпийских игр по плаванию, Ельдос Сметов - серебряный призер по борьбе дзюдо, Эльмира Сыздыкова – бронзовый призер по женской борьбе, Денис Уланов - бронзовый призер по тяжелой атлетике, Алмат Кепесбаев–по греко-римской борьбе, участники Олимпийских игр-2016 мастера спорта международного класса Максим Раков, Жансай Смагулов (дзюдо), Анастасия Виноградова (легкая атлетика).



Наши студенты успешно выступают на Всемирных летних универсиадах. В г.Тайбэй (Тайвань) в 2017 г. студенты КазНУ завоевали 5 медалей, а в летних всемирных универсиадах и чемпионатах мира среди студентов с 2000 года завоевано: 10 золотых, 7 серебряных и 7 бронзовых медалей. Сборная команда КазНУ является семикратным победителем летних универсиад вузов РК, побеждая с большим преимуществом в общекомандном зачете.

И в настоящее время ведущие спортсмены кафедры достойно представляют Республику Казахстан на международных соревнованиях самого высокого уровня. На специальности «Физическая культура и спорт» обучаются студенты-спортсмены победители и призеры чемпионатов и кубков мира, всемирных универсиад, азиатских и международных соревнований по 28 видам спорта, в их числе: 7 заслуженных мастер спорта, 26 мастеров спорта международного класса; 42 мастера спорта; 65 кандидатов в мастера спорта.

Коллектив кафедры вносит большой вклад в совершенствование образовательной деятельности. В учебном процессе специальности «Физическая культура и спорт» профессорско-преподавательским составом кафедры все большее внимание уделяется использованию интерактивных методик проведения занятий.

В связи с экстренным переносом обучения в дистанционный формат в условиях пандемии преподаватели кафедры так же, как и все преподаватели университета, смогли перестроить и организовать учебный процесс. Занятия и экзамены проводятся в онлайн-режиме, посредством дистанционных технологий обучения, с использованием новых возможностей для дистанционной работы с системами MOODLE и Univer, приложения ZOOM, Microsoft Teams, Youtube Streaming и других внешних ресурсов для обучения с применением ДОТ.

Научно-исследовательская работа проводится в соответствии с планом научных исследований кафедры физвоспитания. За период с 2006 года преподавателями кафедры физвоспитания и спорта защищены 3 кандидатские диссертации: Онгарбаева Д.Т. (2006), Шепетюк Н.М. (2009), Сабырбек Ж.Б. (2013), в 2018 году окончила PhD докторантуру и выходит на защиту диссертации Г.А. Испамбетова, а магистры С.Ж. Отаралы и И.И. Круговых обучаются в докторантуре.

Все полученные результаты научной работы трансформируются в учебный процесс в бакалавриате, магистратуре, докторантуре и находят отражение в рассмотрении актуальных проблем современной физической культуры и спорта, а также в инновационных методах обучения: создаются новые курсы, учебные и типовые программы. Результаты научных исследований публикуются в научных журналах Scopus и Thomson Reuters. Результаты исследований ППС, магистрантов и докторантов в рамках научных направлений кафедры позволили внести коррекцию в тренировочный режим команд университета и многих других команд РК, а также способствовали успешному выступлению сборной команды КазНУ им. аль-Фараби на республиканских межвузовских соревнованиях.

Кафедра является членом Координационного научно-методического центра кафедр физического воспитания при Евразийской ассоциации университетов (КНМЦ ЕАУ при МГУ им. Ломоносова). Научно-методическая и научно-исследовательская работа кафедры осуществляется в тесном сотрудничестве с Национальным научно-практическим центром физической культуры Министерства образования и науки Республики Казахстан и Учебно-методическим отделом Казахской академии спорта и туризма. Совместная деятельность в определенной мере способствует росту научного и педагогического потенциала кафедры.




Кафедра имеет научные и образовательные связи с ведущими зарубежными аккредитованными образовательными и учреждениями для научного руководства и консультирования докторантов: Jihoun "AJ" An, (PhD, США, Гринвилл, Северная Каролина, Университет Восточной Каролины, Developmental Motor Lab) и Милашюс Казис, габилитированный доктор биологических наук, профессор (Университет Витаутас Магнус, Академия просвещения, Вильнюс, Литва).

Кафедра тесно сотрудничает с такими спортивными организациями как: Национальный Олимпийский Комитет РК, Управление физической культуры и спорта, Казахстанская Федерация Футбола, футбольный клуб «Кайрат», Республиканский колледж спорта, Федерации по видам спорта Республики Казахстан, Центры олимпийской подготовки по видам спорта, спортивные клубы по видам спорта, фитнесклубы и др. Это сотрудничество имеет большие взаимовыгодные перспективы в развитии спорта высших достижений.

В преддверии юбилея хотим выразить благодарность профессорско-преподавательскому составу кафедр биофизики и биомедицины; биотехнологии факультета биологии и биотехнологии, а также кафедр педагогики и образовательного менеджмента, общей и прикладной психологии факультета философии и политологии за то, что на протяжении вот уже пятнадцати лет обеспечивают общепедагогическую, общепрофессиональную и специальную профессиональную подготовку студентов, магистрантов и докторантов специальности «Физическая культура и спорт» в тесном сотрудничестве с нашей кафедрой.

**Г.Б. МАДИЕВА,**
*заместитель заведующего кафедрой физвоспитания и спорта, к.п.н., доцент*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӘМІРҒАЛЕЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**
Газет редакцияның компьютер орталығында терілiп, беттелдi. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №674
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.